

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ
Ғылыми кеңесімен

БЕКІТІЛДІ

« 17 » сәуір

№ 9 хаттама

Ғылыми кеңесінің отырысында

Г.А. Ахмедьяров



**«КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ» РММ**

ҚАБЫЛДАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.

**ТАЛАПКЕР «К.БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰӨУ» МАГИСТРАТУРАСЫНА ТҮСУДІҢ ҚАБЫЛДАУ
ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСУЫ ТИІС!**

- ✓ **МАГИСТРАТУРА**
- ✓ **М033 БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ**
- ✓ **7М02116 - СЦЕНОГРАФИЯ (ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША) БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ**

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Алдыңғы білімі: бакалавриат (бейіні бойынша сәйкестік)	Шекті балл
«Сценография және сәндік өнер»	7М02116 – «Сценография (түрлері бойынша)»	Қазақ Орыс	Ішінде В030 «Бейнелеу өнері» ББ тобына кіретін В031 «Сән, дизайн», В108 «Сценография» және В109 «Сәндік өнер» білім бағдарламалары	75 грант және ақылы

1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Тапсырма: Жобалаудағы жаңа әдістермен инновациялық технологияларды колдана отырып "Art&Science" бағыты бойынша сценографиялық жобаның тұжырымдамалық кейс тапсырмасын орындау.

Шығармашылық жоба жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ғылыми зерттеулер негізінде орындалуы тиіс.

Жоба сценография бағыттарының бірінің шеңберінде (киім үлгілері немесе декорация / сахналық костюм / грим эскизі түрінде әзірленген сценографиялық жоба) ретінде ұсынылуы қажет.

Орындау уақыты: 4 сағат.

Орындау техникасы: Эскиз жобаның жазбаша негіздемесімен (төменгі оң жақта) А2 форматында парактың 2/3 бөлігінде тігінен орналасуы қажет.

Материалдар: А2 форматындағы қағаздар, гуашь, акварель, қарындаштар, маркерлер және т.б.

Емтиханға қойылатын талаптар:

1. Кейстің берілген тақырыпқа сәйкестігі.
2. Жүйелі түрде ойлау қабілеттердің болуы.
3. Жобаның жаңалығы мен өзектілігі.
4. Материалдың жоғары көркемдік және эстетикалық деңгейде ұсынылуы.
5. Жобаны сауатты таныстыру және қорғау.

2. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының реферат-негіздемесі

1. Реферат қазақ немесе орыс тілінде талапкердің өз бетінше орындаған жеке еңбек ретінде дайындалуы қажет.
2. Рефераттың тақырыбы мен оның мазмұны талапкер таңдаған білім беру бағдарламасымен сәйкес келуі керек.
3. Рефераттың көлемі – 20-25 бет.
4. Рефераттың құрылымы мен рәсімделуі:
 - титулдық бет;
 - кіріспе (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу

деңгейі, жаңалығы, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, рефераттың құрылымы мен жалпы көлемі);

- реферат мазмұны (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);

- қорытынды;

- қолданылған әдебиеттер тізімі;

- қосымшалар (рефераттың жалпы бет көлеміне енбейді).

5. Рефераттың рәсімделуі:

Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14; интервал – бір;

Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, солға – 3 см, оңға – 1,5 см.;

Абзац шегінісі – 1 см.

6. Рефератқа білім немесе ғылым мекемесінде (ҒЗИ) немесе мәдениет және өнер мекемелерінде жұмыс істейтін ҚР ҒЖЖБМ ЖБЖҒСҚК дәрежесі (ғылым докторы немесе кандидаты немесе PhD (бейіні бойынша философия докторы, академиялық дәрежесі) бар ғалым қол қойған **рецензия** ұсынылуы тиіс. Рецензия рецензенттің жұмыс орны бойынша куәландырылуы тиіс.

7. Реферат қағаз және электронды түрде ұсынылуы керек (PDF).

Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийі <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийі <i>II шығармашылық емтихан</i>
---	--	--	---

32-35	Барлық талаптарға сай.	32-35	Зерттеудің өзекті мәселесін сәтті тұжырымдады, эрудицияның жоғары деңгейін, терең аналитикалық ойлауды көрсетті, ғылыми аппаратқа ие, нақты мақсат қояды және мәселелерді шешу жолдарын көреді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы негізделген. Зерттелетін мәселенің тарихы, теориясы мен әдіснамасы саласындағы білімнің сапалы деңгейін көрсетеді. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 25 бет).
28-31	Жүйелі және құрылымды ойлайды. Шығармашылық тұрғыда өз ойын, идеясын кешенді түрде жеткізеді. Біршама қиындықпен өз тұжырымдамасын реттілікпен талқылайды, негіздейді. Жобаны жеткілікті дәлелдерсіз таныстыру және қорғау.	28-31	Талапкер мақсат пен міндеттерді жақсы тұжырымдады, мәселенің өзектілігін негіздеді, зерттеудің негізгі ережелерін қисынды түрде баяндады, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен әдіснамасы мәселелері бойынша білімнің жақсы деңгейін көрсетеді. Берілген материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).
24-27	Жүйелі және құрылымды ойлайды. Өз ойлары мен идеяларын шығармашылық формада жеткізеді, дегенмен логикалық тізбекті орнатуда кейбір қиындықтарға тап болады. Кейбір қиындықтармен өз тұжырымдамасын реттеп талқылайды, негіздейді. Материалды көркемдік эстетикалық тұрғыдан ескертпелермен дайындау.	24-27	Талапкер мақсат пен міндеттердің жақсы тұжырымдалуын, зерттеудің негізгі ережелерін жақсы жеткізуін көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық мәселелері бойынша білім деңгейі орташа. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 15 бет).
20-23	Ойларды жүйелі және құрылымдық тұрғыда құруда қиындықтар бар. Өз ойлары мен идеяларын шығармашылық формада жеткізеді, дегенмен логикалық тізбекті орнатуда кейбір қиындықтарға тап болады. Кейбір қиындықтармен өз тұжырымдамасын реттеп талқылайды, негіздейді. Жобаның жаңалығы мен өзектілігінің	20-23	Талапкер зерттеудің негізгі ережелерін көрсете отырып, мақсат пен қойылған міндеттерді түсінуді көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілері бойынша білімі жеткіліксіз екені көрінеді.

	жеткіліксіздігі.		
16-19	Жүйесіз және құрылымсыз ойлайды. Шығармашылық формада ойлар мен идеяларды айтуда белгілі бір қиындықтарды бастан кешіреді. Өз тұжырымдамасын негіздеуге тырысып, елеулі қиындықтармен реттеп талқылайды.	16-19	Талапкер зерттеу проблемасының мәнін нашар түсінеді, жазбаша ғылыми баяндау дағдыларының жеткіліксіздігін және жұмыстың өзектілігінің шектеулі дәлелдерін көрсетеді. Ғылыми аппаратты нашар меңгерген, жұмыс көлемі аз (15 бет).
12-15	Жүйесіз және ойлау құрылымының төмен деңгейі. Шығармашылық формада ойлар мен идеяларды жеткізуде айтарлықтай қиындықтарды бастан кешіреді. Өз тұжырымдамасын негіздеуге тырысып, елеулі қиындықтармен реттеп талқылайды. Кейс берілген тақырыпқа сәйкес келмейді.	12-15	Максат пен міндеттер тұжырымдалған, бірақ зерттеудің практикалық және теориялық маңыздылығы туралы түсінік жоқ, жұмыстың өзектілігі туралы нақты негіздеме жоқ, аз жұмыс көлемін ұсынды (15 немесе одан аз бет).
7-11	Жүйесіз және ойлау құрылымының төмен деңгейі. Шығармашылық формада ой мен идеяларды жеткізуде үлкен қиындықтарды бастан кешіреді. Ол өз тұжырымдамасын негіздеу кезінде реттелген түрде дәлелдеуге тырысуда үлкен қиындықтарға тап болады.	7-11	Зерттеудің өзектілігінің, теориялық және практикалық маңыздылығының жоқтығын көрсетеді, ғылыми аппаратты меңгермеген және мамандандыру профилінің тақырыбына сәйкес келмейді.
0-6	Жүйелі ойлау жоқ, құрылымдық ойлау деңгейі төмен. Шығармашылық формада ойлар мен идеяларды жеткізудегі үлкен қиындықтар. Өз тұжырымдамасын тәртіпке келтіре алмайды және негіздей алмайды	0-6	Өтпейді. Жұмыс ғылыми зерттеу рефератына ресімдеу бойынша талаптарға сәйкес келмейді.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТ:

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: hudojestvennyifakul@yandex.kz

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы: Смагулов Арыстан Серикболович



Кафедра меңгерушісі: Могильная Анастасия Валерьевна

